

УДК81'367

Ғ. МҮСІРЕПОВТІҢ «ҰЛПАН» ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ СТИЛДІК ҚЫЗМЕТІ

Бекенова А.К.,

А. Байтұрсынов атындағы ҚМУ,
гуманитарлық – әлеуметтік
факультеті, тіл және әдебиет
теориясы кафедрасының магистранты
Қостанай қаласы, ҚР.

Аннотация

Ғылыми мақала жазушы Ғ. Мүсірепов «Ұлпан» шығармасы тіліндегі фразеологизмдердің стилдік қызметін анықтауға арналған. Жазушы қолданысындағы фразеологизмдерге талдау жүргізіліп, І.Кеңесбаевтің «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» пайдалана отырып, мағыналары ашылды. Лексиколог Гүлдархан Смағұлованың зерттеуіне сүйене отырып фразеологизмдерді топтарға бөліп қарастырылды. Мақалада қазақстандық ғалымдардың зерттеу нәтижелері ғана емес, сондай-ақ шетелдік фразеологтар Ш. Балли В. В. Виноградов сияқты көрініс тапты.

Ғ. Мүсірепов бейнесі тұрақты тіркестерде өз ойын көзқарасы мен дүниетанымын, жағдайларды көркем түрде суреттеуде, шығармаға экспрессивті-эмоционалды реңк беру мақсатында қолданған. Жазушы фразеологизмдерді көркем суреттеудің бір құралы ретінде ұтымды, айшықты түрде пайдаланған. Тілді байыту, көркемдеу тәсілі жалғасы тауып отырғандығы Ғ. Мүсірепов шығармасы тұрақты тіркестер қолданысынан аңғаруға болады.

Жазушы Ғ. Мүсірепов өз шығармаларында халық тілінің бай қазынасын, көркем сөздің әр алуан өрнегін шебер қолдана білген.

Аннотация

В научной статье рассматриваются стилистические особенности использования фразеологизмов в произведении Г. Мусирепова «Улпан». С помощью словаря И.Кенесбаева раскрывается смысл фразеологизмов использованных в произведении писателя. Опираясь на исследования ученого лексиколога Гүлдархан Смағұлову классифицированы фразеологизмы на группы. В статье нашли отражение результаты исследований не только казахстанских ученых, а также зарубежных фразеологов, таких как Ш.Балли, В.В. Виноградов.

В статье мы можем увидеть как Г.Мусирепов мастерски обращается к фразеологическому богатству родного языка, как к неисчерпаемому источнику речевой экспрессии.

Abstract

In this article is considered the stylistic peculiarities of using of phraseologisms

G. Musirepov's composition «Ulpan». With the help of I. Kenesbayev's dictionary there are revealed the sense of the phraseologisms, used in the author's composition. Referring to the studies of the scientific lexicologist Guldarkhan Smagulova the phraseologisms are classified into groups. In the article there are the results of studies not only of Kazakhstanian scientists but foreign phraseologists, such as Sh. Bally and V.V. Vinogradov.

In the article we can see as G. Musirepov skillfully refer to the phraseologic riches of native language as to an inexhaustible source of speech expression.

Түйінді сөздер: фразеологизмдер, термин, сөз, сөздік, соматизм, фразеологиялық оралымдар, зерттеуші-ғалым, әдістер.

Ключевые слова: фразеологизмы, термин, слово, словарь, соматизм, фразеологические обороты, ученый-исследователь, методы.

Key words: phraseological units, term, word, dictionary, somatizm, phraselological turns, scientist, are a researcher, methods.

1. Кіріспе.

Зерттеуші-ғалым Р.Авакова «Фразеология теориясы» атты монографиялық еңбегінде: «Фразеология – құрамы мен құрылымы тұрақты, сөйлеу кезінде конструкцияланбай, даяр қалпын сақтай отырып қолданылатын, мағына тұтастығы мен тіркес тиянақтылығы тән бейнелі тұрақты тіркестердің қазіргі күйін және тарихи қалпын зерттейтін тіл білімінің саласы» – деген болатын.

Фразеологияның зерттейтін пәні – фразеологиялық оралымдар. Оларды фразеологизмдер, фразеологиялық бірліктер немесе фраземалар деп атайды.

Фразеологияның жалпы лингвистика саласы ретіндегі тарихы ұзаққа бармайды. Тіл білімінің жаңа бағытын таңбалайтын «фразеология» термині жеке лингвистикалық пәні ретінде ХХ ғасырдың 40-жылдары дүниеге келді. Фразеологияның алғашқы теориялық негізі және осы мәселе жөніндегі идеяны дамытушы Ш.Балли болса, оның Ресей топырағындағы дамуы мен жаңа, жеке лингвистикалық сала ретінде қалыптасып дүниеге келуі академик В.В. Виноградов есімімен тығыз байланысты.

Қазақ тіл білімінде алғашқылардың бірі болып ХХ ғасырдың қырқыншы жылдары профессор С.Аманжолов идиомалық тіркестер мен фразеологизмдерді зерттеуді қолға алу керектігін атап өтіп, олардың ғылыми бағыттарын көрсеткен. Тұрақты тіркестерді «идиомалық форманы екіге бөлуге болады: 1) образды бернелі құрама идиомалық тіркес; 2) бернесіз құрама (фразеологиялық тіркес).

Түріктанудағы фразеология туралы зерттеулер ХХ ғасырдың 50-жылдарынан бастап кең ауқымда зерттеле бастады. Тілдің байлығын көрсететін бір тілді және екі тілді сөздіктер жарық көрді. Лексикографиялық еңбектердің басылып, жарық көруі түркі тілдеріндегі фразеологиялық қорды жинастыруға, оларды ғылыми тұрғыдан жүйелеуге орасан зор септігін тигізеді. Алайда 1970 жылдарға дейін жарық көрген фразеологиялық сөздіктерде түркі тілдерінің фразеологиялық қоры жан-жақты жинақтырылды деп айта алмаймыз.

Қазақ фразеологизмдерін теориялық тұрғыдан зерттеу мен арнайы лексикокографиялық еңбектертерді басып шығару атақты ғалым І.Кеңесбаев еңбектерінен бастау алады. Түркі тілдес халықтардың ішінде алғашқы фундаменталды еңбекті академик І.Кеңесбаев 1977 жылы басып шығарды (Авакова, 14 бет).

Зерттеуші-ғалым С.И. Жапақов өзінің «Эпикалық фразеологизмдердің когнитивтік негіздері» атты кандидаттық диссертациясында:

Академик І.Кеңесбаев фольклорлық фразеологизмдердің корпусына Алдар көсе, Шықбермес Шығайбай, Қозы Көрпеш Баяндай, Қыз Жібек пен Төлегендей т.б антропонимдік атауларды кіргізеді. Бұлар негізінен қазақ халқының тұрмыс-салтымен байланысты» (Игілікұлы, 9бет).

Зерттеуші-ғалым Жанар Қоңыратбаева «ХХ ғасыр басындағы қазақ прозасы тіліндегі фразеологизмдер» атты еңбегінде: Профессор Р.Сыздықова Абай тілінің көркемдік бітімін лингвостилистикалық тұрғыдан сөз еткен «Абайдың сөз өрнегі» деген еңбегінде Абайдың фразеология саласындағы сөз құбылту тәсілдерін, жаңалықтарын талдайды. «Фразеологизмдер – сандаған жылдар мен ғасырлардың қазынасы, бұл, бір жағынан, екінші жағынан, ол – жеке қаламгердің табысы, еңбегі, ізденісі. Фразеологиялық тіркестер – семантикалық шоғырлап, яғни жеке сөз мағыналарының бір-бірімен түйісуінен туған мағыналық дүниеліліктер. Демек, белгілі бір қаламгердің жалпы тілдік қазынасын және көркемдік байлығын зерттеуде

оның фразеологизмдерін тауып тану ерекше орын алады»-деп ғалым өз зерттеуінің өзекті бөлігін фразеологизмге арнайды [Қоныратбаева,5 б.].

Кейінгі жылдары фразеологизмдердің әр түрлі мәселелері жөнінде С.К.Сатенованың (Қазақ тіліндегі қос тағанды фразеологизмдердің тілдік және поэтикалық табиғаты, 1997), Г.Н.Смағұлованың (Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері, 1998), Р.Авакованың (Фразеологиялық семантика, 2002), Г.Сағидолдақызының («Поэтикалық фразеологизмдердің этномәдени мазмұны», 2003) ғылыми зерттеулері жарыққа шықты (Салқынбай, 155 б.).

Алғыс және қарғыс мәнді фразеологизмдер. Фразеологияда бұл тақырып арнайы зерттеу объектісі болып С.Төлекованың еңбегінде қарастырылған. Зерттеушінің пікірінше, алғыс және қарғыс мәнді тұрақты тіркестер – өзінің табиғатына қарағанда халықтың әр кездегі тұрмыстық, әлеуметтік тәжірибесінің негізінде жасалған ғасырлар бойында атадан балаға ауысып отырған элементтер. XX ғасырдың басындағы қазақ прозасында алғыс және қарғыс мәнді фразеологизмдер адамның, яғни кейіпкердің айнала қоршаған ортаға өзінің әр түрлі көзқарасын: ізгілік қарым-қатынасын, әлеуметтік теңсіздікке наразылығын білдіру үшін қолданылған (Қоныратбаева, 43 б.).

2. Материалдар мен нәтижелер.

Жұмыстың негізгі материалы ретінде жазушы Ф.Мүсіреповтің «Ұлпан», Ф.Қалиев,

Ә. Болғанбаев «Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы», Р.Авакова «Фразеология теориясы» еңбектері алынды. Сонымен қатар фразеологизмдерге қатысты филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялардың авторефераттар пайдаланылды. Жұмыста жинақтау әдісі, саралау әдістері қолданылды.

3. Талқылау және нәтижелер.

Лексиколог- ғалым Гүлдархан Смағұлова бірнеше авторлардың пікірлерін сараптап, саралай келе қазақ фразеологизмдерінің келесі стильдік қабаттарға бөледі:

- 1.Кітаби фразеологизмдер
- 2.Бейтарап фразеологизмдер
- 3.Ауызекі сөйлеу тіліндегі фразеологизмдер
- 4.Дөрекі-қарайым фразеологизмдер (Смағұлова,155 б.).

Жазушы Ғабит Мүсіреповтің «Ұлпан» шығармасындағы фразеологизмдерді ғалым Г.Смағұлованың бөлуі бойынша топтастырсақ:

Кітаби фразеологизмдер – негізінен жазба тілде нормаланған әдеби тілде публицикалық және ғылыми шығармалар тілінде көркем әдебиет тілінде қолданылады. Сонымен қатар, ғалымдардың, жазушылардың, қоғам қайраткерлерінің, интелегенцияның, жалпы оқыған адамдардың тілінде қолданылады.

1. Бағың ашылар, қарағым. Теңіңе кездесерсің әлі, жылама... («Ұлпан»,44бет).

Бағы ашылды – маңдайы ашылды, ырысы тасыды. (Қ.Т.Ф.С.51бет)

Бұл сөйлемде кітаби фразеологизмнің үлгісі берілген, маңдайы ашылады, ырысы тасыды деген мағынаны білдіреді.

2. Ұлпанның өз аулы да шыр бітпеген кедей болатын («Ұлпан»,75бет). **Шыр бітпеген** – маңдайынан үрерге иті жоқ, тақыр кедей болды. (Қ.Т.Ф.С.317бет).

Бұл фразеологизм сөйлемде кедей, жағдайлары нашар деген мағынада қолданылып тұр.

3. Мен бұл әйелді алты дуанға атағы жайылған ханыша бар еді ғой, сондай өркөкірек, ойына келгеннің бәрі де бойыма жараса береді деп ойлайтын ала құйын тұрғысында көретін шығармын деп қауіптеніп келіп едім («Ұлпан»,179 бет).

Ала құйын – 1. Ұйытқып соққан боран.

2.Жеңілтек мінезді, ұшып қонған адам туралы айтылады (Қ.Т.Ф.С.21бет).

Бұл сөйлемде фразеологизмнің екінші мағынасы қолданылған.

Бұл шығармада кітаби фразеологиздердің қолданылуы шығарма тілін одан әрі көркейтін, ерекшелендіріп тұр.

Ауызекі сөйлеу тіліндегі фразеологизмдер – сөйлеу тілінде емін-еркін қолданып, сөйлеу тілінің диалог формасында көркем әдебиетте еркін қолданылады.

1. Қара нанға құл болып,

Ханына тіл тигізген («Ұлпан», 14бет).

Тіл тигізген – балағаттады (Қ.Т.Ф.С 294бет).

2. Сонда он жастағы болса Тілеміс **міз бақпай** сілейіп тұрып қалған («Ұлпан», 27 бет).

Міз бақпай – бұл еткен жоқ, бәдірейді де қалды, шыдап бақты (Қ.Т.Ф.С 221 бет).

3. Арғын Жазы би Орынбор, Сібір губерналарының шекарасын салысқан, Кенесары қозғалысына **қаны қас** адам («Ұлпан», 21бет).

Қаны қас – қарсы, өшпес, жау (Қ.Т.Ф.С 176 бет).

4. Мүсіреп енді абайласа, Садақ осы араға жеткенше елу қадамдай **жер бауырлапты** («Ұлпан», 50бет).

Жер бауырлапты – жата қалып жылады, қатты қайғырды, уайымдады (Қ.Т.Ф.С 111бет).

Бұл фразеологизмдер күнделікті тұрмыста қолданылып, шығарма тіліне қарапайымдылық көрініс береді. Бұл фразеологизмдерді қолдану арқылы автор кейіпкердің мінез – қалпын ұтымды көрсету үшін пайдаланған.

Шығармадағы қарапайым сөйлеу тіліндегі фразеологизмдер :

1. Кәрі Каспий қара көзін ашты,

Терекке **жылы жүзбен** амандасты («Ұлпан», 72 бет).

Жылы жүз – жайдарлы, мінезі жайлы (Қ.Т.Ф.С 123бет).

2. **Өр көкірек** адам басқаларда жоқ ірі мінез көрсетті («Ұлпан», 31бет).

Өр көкірек – асқақ, бір бет, тәкаппар, намысы зор (Қ.Т.Ф.С 241 бет).

Бұл фразеологизмдер арқылы автор адамның мінез қасиеттерін ұтымды көрсеткен.

3. **Дүние есігін ашып** келгендей, ұлы да мардамсып пысылдап ұйықтап жатыр («Ұлпан», 167бет).

Дүние есігін ашып – өмірге келді, тіршілік әлеміне енді (Қ.Т.Ф.С 85 бет).

Бұл сөйлемде автор фразеологизмді теңеу ретінде қолданып тұр.

4. – Есеней-ау, - деді Ұлпан тұра беріп, - Есеней-ау, неше күннен бері мен осы үйдің отынымен кіріп, күлімен шығып, қара жұмысында жүрмін ғой! («Ұлпан», 168бет).

Отынымен кіріп, күлімен шығып – бар үй бейнетін, бейнетін арқалады, барлық ауыр салмақты өзі көтерді (Қ.Т.Ф.С 93бет).

Бұл фразеологизм әйел не келіншекке қатысты айтылады, барлық туыс-бауырларының көңілін тауып, барлық үй шаруашылығына байланысты жұмыстарды атқарады деген мағынаны білдіреді.

5. Мұның өзі **тоң мойын** қара қазақтың хан тұқымын елемей бастағанының бір қыры емес пе екен? («Ұлпан», 158бет).

Тоң мойын – Ырыққа көнбес, томырық мінезді кісі туралы (Қ.Т.Ф.С 278бет).

Адам бойындағы мінез-құлықты бейнелеуге қолданылатын фразеологизм.

Шығармадағы соматикалық атаулар кездесетін фразеологизмдер:

Соматизмдер дегеніміз - адамның дене мүшелерінің атауы. Мысалы: Жүрек - жүрегі ауызына тығылу, жүрегі тас төбесіне шығу, жүрегін қан жуу, жүрегі шайлығы, т.б.4

-Көз-

1.Тек оларға да **көз қырын сала** жүріндер... («Ұлпан», 123бет).

Көз қырын салды – көзінің ұшымен қарады, қарап қойды (Қ.Т.Ф.С 143бет).

2.Есенейдің **көз айырмай** қарайтыны білетін («Ұлпан», 62бет).

Көз айырмады – қадалып көп қарады (Қ.Т.Ф.С 140бет).

- Бас -

1. Осы кісі **бас болып** келіп, екі жеті өтті, сары аланың тұқымын түгел айдап әкетті («Ұлпан»,15бет).

Бас болды – Алдыңғы ,бірінші қатарда жүрді (Қ.Т.Ф.С 55бет).

2. Ауылды **басына көтеріп** бақырып қалды («Ұлпан»,96бет).

Басына көтерді –Айналаны жаңғырықтырып ,айқай салды, даурықты,азан-қазан болып шулады (Қ.Т.Ф.С 58бет).

4. Қорытынды.

Қорытындылай келе, Ғ.Мүсіреповтің «Ұлпан» шығармасынан фразеологизмдердің қолдану ерекшеліктері қарастырылды. Белгілі фразеолог – ғалым Гүлдархан Смағұлованың фразеологизмдерді стильдік қабаттарға дәрежелеріне байланысты шығармадағы фразеологизмдер 4 топқа бөлінді. Сонымен бірге көмек ретінде Ісмет Кеңесбаевтың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі » арқылы мағынасы ашылды. Шығарманы талдау барысында барлығы 125 фразеологизм табылып, оның 30 фразеологизм талдауға түсіп, олар 4 топқа бөлінді; олардың ішінен кітаби фразеологизмдер 3, қарапайым сөйлеу тіліндегі фразеологизмдер 5, соматикалық атаулар кездесетін фразеологизмдер 18, ауызекі сөйлеу тіліндегі фразеологизмдер 4 және осы фразеологизмдердің мағынасы ашылып, мысалдар келтірілді. Жазушы шығармада көбіне соматикалық атаулар кездесетін фразеологизмдерді қолданған.

Әдебиет тізімі

Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы, «Сөздік – Словарь» баспасы – 2006 жыл, 62 бет

Авакова Р. «Фразеология теориясы» - Алматы: «Қазақ университеті» 2009ж.- 290бет.

Игілікұлы Ж.С.Эпикалық фразеологизмдердің когнитивтік негіздері. – Автореферат. – Алматы: 2003ж – 28бет.

Қоңыратбаева Ж. XX ғасыр басындағы қазақ прозасы тіліндегі фразеологизмдер. – Алматы «Арыс»,2005ж.- 166бет.

Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектісі (2 басылым) Елтаным баспасы. –Алматы:2010ж. – 240бет.

Салқынбай А. Қазіргі қазақ тілі: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2008. – 340 бет.

КеңесбаевІ.Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы, 1977 жыл, 712 бет.

Мүсірепов Ғ. Ұлпан. – Алматы «Раритет» 2006 жыл, 256 бет.